

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат  
БАЙҚАДАМОВ:  
«ІСКЕРЛІГІ  
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:  
«ОЙ БИГІНДЕГІ  
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ

*Автор осы кітаппен жеті жыл жұмыс істеген. Оның қолға алған ісіне тындырымдылығы да осында. Бұл, екінші жағынан, Рүстемовтің әлемдік әдебиетке, оның ішінде АҚШ жазушылары мен америка халқына деген зор сүйіспеншілігін танытады. Ең бастысы сол, мұнда шығармашылық, азаматтық және азаматтық бейнелерді жасаудағы жазушыларға қатысты қысқаша болса да, негізге аларлық түсініктер де өріле берілген. Бұл жұмыстың тағы бір маңыздылығы сол, ол Қазақстанда америка әдебиетімен танысудың бастауы болып отырғандығы. Оның бірқатар кітаптарының, АҚШ Конгресінің кітапханасынан, сонымен қатар, көптеген елдердің мәдени, білім беру және дипломатиялық орталықтарынан орын алуы да содан.*

Джеффри Секстон

**Нұржанай АМАНКЕЛДІҚЫЗЫ,**

журналист:

## «ТАЛАЙҒА ТАҒЫЛЫМ, ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ АЙТАР ҚАЛАМҒЕР»

Талайға тағылым, ұрпаққа ұлағат айтар жақсы жандар турасында шертілер сыр мен жазылар жыр көп-ақ. Сондай жандардың бірі, қазақ публицистикасы мен журналистикасының шекарасынан шығып, халықаралық деңгейде қалам тербеп жүрген Бақыт Рүстемов десек қателеспеспіз. Ағамыздың жүріп өткен соқпағына кішкене шегініс жасай қарасаңыз, өмір мен шығармашылық жолы оны әмбебап тұлғалардың қатарына қосатынын байқар едіңіз.

Бақыт Төлегенұлы Рүстемов 1952 жылы Өзбекстанда туылған. Балалық шағын қасиетті Оңтүстіктің Мақтаарал өңірінде өткізген. Есейе келе Ташкенттің Суворов атындағы әскери мектебінде оқып, одан әскери қызметін Украинадағы авиация мектебінде және Ресейдегі Балашов атындағы Ұшқыштардың жоғары авиациялық мамандар училищесінде өтеген. Әскери-үрмелі аспаптар оркестрінде ойнай отырып, ол баритон дауысымен ән салғанда, тыңдаушысын елең еткізбей қоймайтын. Мамандығы экономист болғанымен, Бақытқожа Рүстемов шығармашылыққа жаны жақын азамат. Жастайынан фортепианода ойнайды, өлең жазады, тіпті, бірнеше әндері де жоқ емес. Журналист ретінде алғашқы еңбектері 1974-75 жылдардан бастап «Лениншіл жас», «Ленинская смена» газеттерінде жарық көргенін айта кеткен жөн. Түрлі жанрда қалам тербеген журналист қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық газеттерде тілшілік қызмет жасаған. Еңбегі ескерусіз қалмай, КСРО Журналистер одағының, кейіннен Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне қабылданады. Қазақ, орыс, өзбек және араб тілдерінде оқып, жазатыны және бар.

Бақыт Рүстемов жазу өнеріне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын экономика саласынан келсе де, 30 жылдан бері ел тәуелсіздігі жолында өнімді еңбегімен танылып, қалам ұстаған қауымның жарқын өкіліне айналды. Ол жиырмаға жуық кітаптың авторы. Жазушы өз шығармаларына ел тарихын, Қазақстан халқының бейбіт өмірін, саяси бағыт-бағдарын арқау етеді.

Әңгіме арқауы болып отырған адам оқырманға аудармашы ретінде де жақсы таныс. Ол әлем әдебиеті көрнекті өкілдерінің еңбектерін қазақ және орыс тілдерінде сөйлетті. Елінің елдігіне, жастарының рухани толысуына барынша өзінің рух жігерін арнаған ардақты азамат. Әлем алдында қазақ деген ардақты атымыздың мәртебесін асқақтата түсуге үлесін қосып жүр. Ағамыздың публицистика мен журналистикаға сіңірген еңбектерін халыққа таныту мақсатында «Ақжүніс» журналына сұхбатын жариялаған болатынбыз. Бұл біздің ұжымның ел ардақтысының еңбегін қоғамға танытудағы теңізге тамған тамшыдай кішкене ғана үлесі еді. Қаламгерді шығармашылық кешімен шын жүректен құттықтап, шығармашылығына шабыт, ойына шуақ, бойына қуат, зор денсаулық, қажымас қайрат, талмас қанат тілеймін.



Стивен Тулл Біріккен Ұлттар Ұйымының Елшісімен бірге

# БАҚЫТҚОЖА РҮСТЕМОВТІҢ ҚАЛАМЫНАН ШЫҚҚАН ТУЫНДЫЛАР

